

Үндеудің ізімен

Мемлекет басшысы халыққа үндеу жолдап, мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселесі республика дамуының жүйелі және заңды кезеңі болып табылатынын атап өтті. Ол өз сөзінде:

«Мен аса маңызды тағдырлы мәселені жария етпекпін. Бұл Конституция мен заңдарға өзгерістер енгізу. Біздің алдымызда билік тармақтарының өкілеттіктерін қайта бөлу міндеті тұр. Қазір заманның дидагы өзгерді, бізде өзгеруге тиістіміз. Мен елдің мүддесі мен заманның талабын, ұрпақтың болашағын ойлай отырып, осындай байлам жасадым» дейді.

Реформа екі негізгі бағыт бойынша іске асады. Біріншіден, Президенттің әлеуметтік экономикалық процестерді реттеудегі біршама өкілеттерін үкіметке және басқа да атқарушы органдарға беру жөн деп санадым.

Сонда бұл салаға үкімет және әкімдіктер толықтай жауап беретін болады. Өкілеттіктерді беру тиісті заңдарды өзгерту арқылы іске асады. Оларды үкімет қазіргі парламент сессиясының аяғына дейін енгізуі тиіс» деді Президент өз үндеуінде.

Билік тармақтарының өкілеттерін қайта бөлу туралы өзгерістер енгізу Елбасы тарапынан дұрыс шешім және елдің болашағын ойлау болып табылатыны сөзсіз.

Маңғыстау гуманитарлық колледжінің директоры М.Утебаев